

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№2 (30) сәуір-маусым 2022

ISSN 2710-3994

Бас редактор:

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)

Аяган Бүркітбай Фелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)

Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)

Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Исламжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)

Римантас Желвис (Želvyus Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:

Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:

Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)

Абусейтова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Аязан Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Голден Кэтти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссиссипи (Mississippi Valley State University) (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)

Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)

Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)

Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:
Кубеев Рустан Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna




Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_30_2_65-76

FTAMP 03.20.00

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ПОЛЯКТАРДЫҢ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАУ ТАРИХЫ

Р.А. Бекназаров ^{*} , **Г.К. Кушкарлова** , **Ж.Б. Бактығали** 
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Қазақстан, Ақтөбе.

*Автор корреспондент

E-mail: r.beknazarov@gmail.com (Бекназаров), gulmira-alihan@mail.ru (Кушкарлова), baktygali1999@list.ru (Бактығали)

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан аумағына ХХ ғасырдың 30–40 жылдары депортацияланған поляктар туралы, оның ішінде Ақтөбе облысына күштеп қоныстандырылған поляктар тарихына алғаш рет тарихи-сараптамалық талдау жасалады. Авторлар депортация және қоныстандыру процестерінің жүргізілу барысына сипаттама бере келе, Ақтөбе облысы бойынша статистикалық-салыстырмалы талдаулар жасады. ХХ ғасырдың 30 жылдары әлемдік державалар арасында қайтадан территорияға байланысты шиеленістер туындай бастайды, сол кезеңде шекаралық аймақтарда орналасқан халықтар жер аудару, күштеп қоныстандыру саясаттарының құрбаны болды. Әсіресе, Батыс Украина мен Батыс Белоруссиядан неміс және поляк халықтарын жер аудару қарқынды жүргізілді. Ақтөбе облысына қоныстандырылған поляктарға жасалған іс-шаралар, еңбекпен түзету жұмыстарының іске асуы, түрлі саяси істерге белсене қатысуы мен кейін осы елдің азаматы ретінде партиялық істерге, тың игеру жұмыстарына белсене араласуы көрсетілген. Қазіргі таңда жалпы Қазақстан бойынша 50 мыңнан астам поляктар өмір сүруде.

Түйін сөздер: депортация, Польша, поляктар, қуғын-сүргін, репрессия, қоныс аудару, жер аудару, делегатура.

МРНТИ03.20.00

ИСТОРИЯ ДЕПОРТАЦИИ ПОЛЯКОВ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Р.А. Бекназаров ^{*}, **Г.К. Кушкарлова**, **Ж.Б. Бактығали**
Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, Казахстан, Актобе.

*Корреспондирующий автор

E-mail: r.beknazarov@gmail.com (Бекназаров), gulmira-alihan@mail.ru (Кушкарлова), baktygali1999@list.ru (Бактығали)

Аннотация. В статье впервые дается историко-экспертный анализ о польском народе, депортированном на территорию Казахстана в 30–40е годы ХХ века, в том числе об истории насильственно переселенных в Актюбинскую область поляков. Авторами проведен статистико-сравнительный анализ по Актюбинской области с описанием хода проведения процессов депортации и расселения. В 30-е годы ХХ века между мировыми державами вновь начинает нарастать напряженность, связанная с территорией, в этот период народы, дислоцированные в пограничных зонах, становились жертвами политики депортации и насильственного переселения. Особенно интенсивно велась депортация немецких и польских народов из Западной Украины и Западной Белоруссии. Поляки, переселенные в Актюбинскую область, были задействованы в исправительно-трудовых работах, активное участие в различных политических делах, а затем, полякам, как гражданам этой страны, было разрешено активное участие в партийных делах, в освоении целины. В настоящее время в целом по Казахстану проживает более 50 тысяч поляков.

Ключевые слова: депортация, Польша, поляки, репрессия, ссылка, делегатура.

IRSTI 03.20.00

THE HISTORY OF THE DEPORTATION OF POLES OF THE AKTOBE REGION

R.A. Beknazarov*, **G.K. Kushkarova**, **Zh.B. Baktygali**

Vice-Rector for Science and Innovation, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov,
Kazakhstan, Aktobe.

*Corresponding author

E-mail: r.beknazarov@gmail.com (Beknazarov), gulmira-alihan@mail.ru (Kushkarova),
baktygali1999@list.ru (Baktygali)

Annotation. The article for the first time provides a historical and expert analysis of the Poles deported to the territory of Kazakhstan in the 30-40s of the twentieth century, including the history of the Poles forcibly resettled in the Aktobe region. The authors carried out a comparative statistical analysis for the Aktobe region with a description of the course of the processes of deportation and resettlement. In the 30s of the 20th century, tensions related to the territory again began to grow between the world powers, and during this period, the peoples stationed in the border zones became victims of the policy of deportation, forced resettlement. The deportation of the German and Polish peoples from Western Ukraine and Western Belarus was carried out especially intensively. The Poles who moved to the Aktobe region had to perform corrective labor, actively participate in various political affairs, and then, as citizens of this country, actively participate in party affairs, in the development of virgin lands.

Keywords: deportation, Poland, Poles, repression, exile, delegation.

Кіріспе. Кеңес үкіметінің практикасында халықтардың құқығын аяққа таптау көріністерінің дәлелдерін тарихи оқиғалардан білеміз. Сол кезеңдердің айқын мысалы ретінде ХХ ғасырдағы халықтардың депортациялануы процестерін алуға болады. Жалпы, Кеңестік кезеңде «депортация» ұғымына бір жақты түсінік берілген: латынның «deportatio – қуғындау, қылмыстық және әкімшілік жаза шарасы ретінде мемлекеттен қуғындау» процесі (Бексеитова, 2013). Сталиннің талаптарымен және оның басшылығындағы партиялық мемлекеттік жүйенің, жазалау органдарының және үгіт-насихат құралдарының басшылығымен құрылып, экономикалық және әскери істер де осы теориямен алмастырылды, нәтижесінде адамзат қоғамдастығының жаңа түрі – «кеңес халқы адамы» – homosovetikus қалыптасты (Бексеитова, 2013). Ал, билікті басқарудың сталиндік режимінде бұл оқиғалар өзінің ең үлкен дәрежесінде орындалып отырды, әрі күштеп қоныстандырудан да бөлек түрлі саяси, құқықтық қысымдар жасалды. Басшылық тарапынан келген бұйрықты «артығымен орындау» ұранға айналды, ол идеологиялық жағдайда да көрініс тапты. Қазақ КСР аумағына саяси мәселелерге байланысты түрлі халықтарды көшіру, күштеп әкелу процестері орын алды. Бас бостандығынан айыру, тұрғылықты жерден басқа аймаққа еркінен тыс көшіру, жер аудару жұмыстары, арнайы қоныстандырушыларды бөлу, еркінен тыс ауыр қара жұмысқа салу және саяси «қауіпті» деп танылған халықтарды бөлек аймақтарға көшіру сияқты әрекеттер сол жүйенің бұйрығымен орындалды. Бастапқыда депортация негізінен құқық бұзушы деп танылған адамдарға, содан кейін партиялар мен ұйымдардың мүшелеріне, содан кейін ғана бүкіл ұлттарға, ұлттық диаспораларға таралды. Құқықтық жағынан қарайтын болсақ депортациялау немесе күштеп миграциялау әрекеттері де репрессияның бір түріне жатқызылады. Оның негізгі нысаны ретінде бір адам немесе топ емес, бірнеше топтардың жиынтығы ретінде, кейде бір аймақты мекендейтін тұтас халықтар алынды, әрине олардың астарында «саяси мәселелерге кедергі келтіретін халықтар» жатты (Баймаханов, 1998:8). Халықтарды депортациялау институты соғысқа дейінгі, әскери және соғыстан кейінгі кезеңдердің заңнамалық және үкіметтік актілерінде аяқталған нысанды алды. Депортацияның жүргізілу барысы тоталитарлық режим бойынша өтті, әрі билік тарапының негізгі мақсатының бірі, оларды белгісіз аймаққа апарып, әрі қарай өмір сүріп кету шамасы төмен аймақтарға әкелу процестері еді,

сәйкесінше депортацияланған халықтар басқа табиғи-климаттық, этношаруашылық, әлеуметтік-мәдени және тілдік ортаға түсіп, күйзеліске ұшырады.

Материалдар мен әдістер. Қарастырылған мәселенің негізгі деректік базасын Ақтөбе облысының мемлекеттік архивіндегі 30, 504, 1533 қор құжаттары құрайды. Ғылыми мақаламен жұмыс барысында құжаттарды талдаудың өзіндік теориялық және методикалық ұстанымдары алынды. Сондықтан зерттеу жасаудың негізі ретінде деректанулық мәселелерін дамытуды көрсететін идеялар мен ғылыми тұжырымдамалар қарастырылды. Ал методологиялық негіз ретінде халықтардың, олардың көші-қон ерекшеліктерін, этникалық өзгерістер жайындағы ақпараттарға тарихи талдау жасалынды. Зерттеу барысында тарихи анализ, объективтілік, тарихи таным принциптері мен мәтіндік талдау, деректанулық жүйелер салыстырылды. Отандық және шетелдік дереккөздерді өзара салыстырып, объективті тұрғыда жеке бағалау жасалды. Тарихи фактілердің шынайылығымен жұмыс жасау, мәліметтердің өзара байланысы, тарихи фактілердің түрлерімен жұмыс жасау әдіс-тәсілдері де пайдаланылды.

Ақтөбе облысының архивтік құжаттары арасынан 1930-1950 жылдар аралығындағы мәліметтер алынды, аталған тақырып аясындағы ғылыми мақалалар, мысалы Бексейітова А., Баймаханов М., Шотбакова Л., Нырский Ю. сияқты зерттеушілердің қазақ жеріне поляктарды депортациялау процестері жайындағы ақпараттары қарастырылды. Тарихи құжаттар мен сол кезеңдегі келісімшарттардың негізін пайдалана отырып, тарихи талдау жасалды, депортациялау кезеңдері бойынша бөлініп, әрбір кезеңдегі орын алған оқиғалар мен процестердің ерекшеліктеріне статистикалық мәліметтер бойынша талдау жасалды.

Талқылау. Отандық тарихнамада депортациялау жайында жалпы халықтарды күштеп қоныстандыру тақырыптарына, әсіресе «Поляктарды депортациялау процестері» толыққанды зерттелмеген, тек түрлі басылым беттерінде жеке авторлардың жеке зерттеуі бойынша келтірген ақпараттары мен сол заманның куәгерлерінің сұхбаттары бар.

Зерттеу тақырыбының негізгі дереккөздері – архив құжаттары болғандықтан тікелей деректер базасымен жұмыс жасауды талап етеді, яғни Ақтөбе жерінде орын алған депортациялау процестері кезінде сақталған қорлар арқылы қарастыру керек. Айта кетерлік жайт, архив құжаттарында тікелей қоныстандыру процесі жайында айтылмайды, халықтарды қоныстандырудың себептерін арқылы орын алған, бұл да сол замандағы саяси оқиғалармен астасып жатқандығы анық. Қорлардың мәліметтеріне сүйене отырып, қоныстанушылар толқыны басым көпшілігі соғыс жылдарында келген, оны «шекаралық аймақтан қауіпсіз жерлерге қоныстандыру» себебімен ұйымдастырған, көшіп келушілердің көпшілігі отбасымен бірге түгелдей қазақ жеріне әкелініп, әр түрлі облыстарға таратылған, тізімдерде Батыс Украина және Батыс Белоруссия шекарасындағы поляк халықтары саны өте көп болды. Аталған мәліметті Шотбакова Л.К. (Шотбакова, 2014) өз мақаласында көрсетеді, ол қазақ жеріне бас-аяғы 50 мыңнан астам қоныс аударушылар келгендігін көрсетеді. Бексейітова А.Т өз мақаласында қазақ жеріне қоныстандырылған поляктар туралы жалпылама сипаттама берген, яғни белгілі бір аймақтың жай-күйі турасында емес, статистикалық ақпараттарды қамтыған (Бексейітова, 2013). Сондай-ақ түрлі саяси келісімдер аясында да халықтардың тағдыры шешілген жағдайлар болды, соның бірі қазақ жеріндегі өнеркәсіп орындарына жұмысшылар есебінде поляктар тартылғандығы туралы құжаттар жинағында берілген (Иосиф Сталин, 1992:31). Күштеп қоныстандыру процестеріне қарсылық әрекеттері де орын алды, олар көтерілістер мен қарсылық қозғалыстарын ұйымдастырып, өз Отандарына қайтаруды талап етті (Этническая депортация, <http://my.krskstate.ru/docs/greatwar/etnicheskaya-deportatsiya-polyakov>). Кейін Польшамен арада келісім шаралары жасалған соң, кейбір жеңілдіктер жасалды, лагерьлер мен түрмелерден поляктарды босату істері, отбасылармен қайта өз мекендеріне қайтару және әлеуметтік көмектер беру істері қолға алынды, дегенмен барлығы да тек сөз жүзінде қалды. Айдарбеков З.С., Ақтаева Л.С., Джақфаров Н.Р. және т.б. депортациялау процестерін кезеңдерге бөліп қарастырады (Айдарбеков, Ақтаева, Джақфаров және т.б., 2014). Қоныстандырылған поляк халықтарының әлеуметтік жағдайы, олардың жергілікті қазақтармен байланыс, атқаралған құқықтық шаралары туралы және қазір қазақ жерінде қалған поляктардың жағдайы жайында Баймаханов ақпараттар келтіреді (Баймаханов, 1998). Жалпы, қазақ жеріне үш толқынды поляк халықтарын

қоныстандыру процестері орын алғандығын көпшілік тарихшылар мойындайды, әсіресе Көкшетау, Қостанай, Алматы және Ақтөбе жерлері қоныстандыру ошағына айналды. Ақтөбе облысына күштеп әкелінген поляктары саны 60 мыңнан астам адам болған, әрі олар әрбір аудандарға тағы да шашырай қоныстандырылғандығы туралы Н. Степаненко өз мақаласында көрсетеді (Степаненко, 2018).

Зерттеу нәтижелері. Алғашқы жер аудару шаралары арқылы жазалау «жаппай ауыл шаруашылығын ұжымдастыру жылдарынан» басталған болатын, бай-кулактар қатарына жатқан халық өкілдерін басқа мемлекеттер территориясына көшіру жағдайлары аз болмаған. Оны сол кезеңде «аса құпия» саналған құжаттардан біле аламыз, 1930 жылы 2 ақпанда ОГПУ №44/21 «Шаруалар класын ликвидациялау шаралары туралы» бұйрығына сәйкес, контрреволюциялық қозғалыстарға қатысы бар шаруалар тобын тез арада ликвидациялау қолға алынды. Әсіресе, белсенді топ басшыларының мал-мүлкін тәркілеп, басқа одақтас мемлекеттер территориясына жер аудару процестері орын алды. Бай-кулактарды жер аудару қазақ жерінде де жүргізілді, 1930 жылы 11 ақпанда Ақтөбе облысы бойынша Қазақ АКСР жер істері бойынша халық комиссары К.Д.Тоқтыбаевтың «құпия хаты» бойынша «біздің округіміз бойынша Шаған өзені, Ембі мен Ащысай өзендері аралығына 2000 шаруа отбасын; Шалқар өзенінен Қарақұм аймағына дейін 2000 шаруа отбасын қоныстандыру жоспарланып отыр. Барлығы 4000 отбасыны осы аудандарға орналастыру істерін ұжымдастыруға 7 күн уақыт қажет. Осы уақыт аралығында жер, тұрғын үй, азық-түлік пункттері туралы ақпарат болады» деген ақпаратты телеграмма арқылы жеткізеді (Айдарбеков, Ақтаева, Джагфаров және т.б., 2012: 91).

Тоталитарлық Сталиннің билігі кезінде халыққа қарсы жазалау процестерінің арасында терроризмнің барлық үш түрі қолданылды: депортациялау, жер аудару, күштеп қоныстандыру. Бұл процестер кез-келген кеңес тұрғыны үшін оңай соққан жоқ, себебі тұтқындалғандар арасында өз қылмысын түсінбегендер де болды немесе болмашы нәрсеге бола жер аударылып кетті. «Сталин қайтыс болғаннан кейін (1953 ж.) жасалған Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің (КСРО МҚК) мәліметтері бойынша, 1936–1951 жылдар аралығында 3 600 000-нан астам адам ұлттық белгілері бойынша қуғын-сүргінге ұшырады», 1935–1938 жж. соның ішінде Польшамен шекаралас аумақтардан «саяси өзгермейтін элемент» ретінде қудаланды (Алдажуманов, Алдажуманов, 1997:16). Алдымен, Польшаның сол уақыттағы державалар арасындағы саяси рөліне назар аударсақ, бірінші дүниежүзілік соғыс басталған кезде Польша аумағы Австрия-Венгрия, Германия мен Ресей империясы арасында бөлініп, Бірінші дүниежүзілік соғыстың Шығыс майданының көптеген операцияларының аренасына айналды. Соғыстан кейін Ресей, Германия және Австрия-Венгрия империялары ыдырағаннан кейін Польша тәуелсіз республика болды. 1934 жылдың 23 қаңтарында Польша мен Германия он жыл мерзімге агрессияға қарсы, өзара шабуыл жасаспау келісіміне қол қойды. Германия алда орын алатын әскери операцияларға поляктарды пайдалану мақсатында ресми заң жүзінде қарастырылуы керек болатын. Польша өз кезегінде 3,5млн адамнан тұратын әскер жасақтай алды, енді ол Батыс Белоруссия мен Батыс Украина жеріне шабуылдай бастады. Оған жауап ретінде 1936 жылдың сәуір айында Кеңес өкіметі «сенімсіз элементтер» ретінде КСРО-ның Батыс шекаралас аудандарынан поляк, неміс және т.б. Қазақ КСР-на көшіруді бастады (Этническая депортация, 2014: <http://my.krskstate.ru/docs/greatwar/etnicheskaya-deportatsiya-polyakov>).

1939 жылғы 28 сәуірде Гитлер неміс мүдделеріне қайшы келетін күш қолданбау туралы поляк-неміс декларациясын мойындады. Дегенмен, екі жақты келісім жасап, 1939 жылғы 23 тамызда Германия мен Кеңес Одағы арасында агрессияға қарсы тұру туралы шартқа қол қойылды, оған қоса берілген құпия Қосымша хаттамада тараптар Шығыс Еуропада өзара мүдделердің салаларын бөлу туралы уағдаласты. Хаттамаға сәйкес Польшадағы мүдделер саласының шекарасы шамамен «Керзон сызығы» бойынша өтті (О «Пакте Молотова...», 2009). Молотов-Риббентроп пактісі – кеңестік-германдық агрессияға қарсы келісімнің үкіметтер мен мемлекеттері атынан В. Молотов пен И. Риббентроп қол қойған құпия қосымшасының атауы. Нәтижесінде 1939 жылы 1 қыркүйекте Германия Польшаға басып кірді. 17 қыркүйекте Қызыл армия елдің шығыс аймақтарына кіргізілді.

Сонымен, поляктарды депортациялау істері КСРО аумағында, 1936–1941 жылдары Қазақ КСР және Сібір аудандарына көрсеткен поляктарды жаппай көшірудің екі толқыны болып өтті: 1936 жылдың сәуірінде және 1940–1941 жж. Бірінші толқын поляктар мен немістерді КСРО-ның шекаралас аудандарынан шығару болды. Екінші толқын Батыс Беларуссия пен Батыс Украинаның жаңадан қосылған аудандарында тұратын поляктарды қамтыды. Сталин оларды ерекше қауіпті ұлт деп санады, өйткені, жаппай жер аударылғандардың саясаты поляктардан басталды.

1936 жылы Воляндан 49000 поляк және 15000 неміс жер аударылған. Украинадан шамамен 69 293 (поляктар мен немістерді қосқанда) адамды жаппай депортациялау әрекеті жүзеге асты, кейбір авторлар болса поляктар саны 60 000 жоғары болды деп болжайды. 1947 жылғы 1 қазандағы халық есебі бойынша Қазақстанда 1936 жылы интернаттарда қоныстанған 41 772 поляк тіркелді, Көкшетау облысына (29 мыңнан астам адам) және Ақмола облысына (7700-ден астам адам) жіберілгендеген мәлімет бар (Этническая депортация, 2014: <http://my.krskstate.ru/docs/greatwar/etnicheskaya-deportatsiya-polyakov>).

Украинада КСР шекаралас аудандарының поляктары болды. 1936 жылғы 28 сәуірде КСРО ХКК «күпия» белгісімен №776-120 қаулы қабылдады. Онда, атап айтқанда «КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі қаулысы бойынша, Қазақ АКСР аумағындағы Қарағанды облысындағы қоныс аударуы мен қоныстарын ұйымдастырылуы, КСРО-дан қоныс аударатын поляк және неміс шаруашылықтары үшін, саны 15000 шаруашылықтан 45000 адамнан тұратын қазіргі ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің типі бойынша, олардың азаматтық құқықтармен шектелмейді және қоныстандырудың әкімшілік ауданы шегінде жүріп-тұруға құқығы бар, бірақ қоныстану орындарының аумағынан шығуға құқығы жоқ» деп жазылған. Қабылданған қаулыға сәйкес шекара аймағында құқық бұзған «сенімсіз элементтер» ретінде поляк ұлтының 35820 адамын Қазақстанның түрлі облыстарына депортациялау процестері орын алды (Спецпереселенцы, 2007: 35). Күштеп қоныстандыру саясатына іліккен халықтар 1934 жылға дейін – арнайы, еріксіз қоныс аударушылар, ал 1934–1944 жылдары – шаруалар тобы ретінде еңбек қоныс аударушылары, 1944 жылдан бастап – арнайы қоныс аударушылар деп аталды. КСРО ХКК-нің 1937 жылғы 22 сәуірдегі қаулысына сәйкес олар арнайы еңбекшілерге арналған кенттерге орналастырыла бастады.

«Қазақстанға қоныс аударатын 15 мың неміс және поляк колхоздарын орналастыру барысында келесі тәртіп пен іс-шаралар белгіленген:

1. Қоныс аударатын шаруашылықтардың 12 мыңы жұмыс істеп тұрған колхоздарда және 3 мыңы жаңадан ұйымдастырылған дербес колхоздарда ұйымдастырылсын;
2. Оңтүстік Қазақстан облысына 7000 отбасы, Алматы облысына 3000 отбасы, Шығыс Қазақстан мен Қарағанды облыстарына 2000 отбасы, Ақтөбе облысына 1000 отбасы көшірілсін;
3. БКП(Б) Орталық Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары кеңесінен қоныс аударушылардың жұмыспен және ауыл шаруашылығы машиналарымен, белгілі бір мөлшерде мал санымен, сондай-ақ қоныс аударатын колхозшыларды жаңа өнімдердің жеткілікті мөлшерімен (егін, бау-бақша өсіру жұмыстары) қамтамасыз етілуін белгілеуді сұрау;
4. Әрбір отбасыға тұрғын үй берілгенге дейін уақытша шатырлармен қамтамасыз ету үшін комитеттер ұйымдастыру;
5. Одақтың қоныс аудару комитетінен Қазақстанға қоныс аударушыларды орналастыру үшін жергілікті ұйымдарға көмек ретінде білікті әкімшілік-техникалық қызметкерлерден 20-25 адамнан тұратын ерекше топтарды жіберуді сұрау» (Айдарбеков, Актаева, Джагфаров және т.б., 2014:47).

1936 жылы 19 шілдеде КСРО ХКК жанындағы кеңестік бақылау комиссиясы төрағасының орынбасары З.М.Беленскийдің КСРО ХКК төрағасы В. М. Молотовқа Украинадан Қазақстанға қоныс аударушыларды жөнелтуді ұйымдастырудағы кемшіліктерді тексеру нәтижелері туралы ақпаратта қазақ жеріне Батыс Украинадан қоныстандырылған шаруа отбасыларының әлеуметтік тұрмысы іс-шаралар тәрбіне сәйкес еместігі туралы жеткізеді. Әкімшілік билік органдары тарапынан уәде етілген істердің ешқайсысы орындалып жатпағаны шындық еді, барлық істер,

есептер тек қағаз жүзінде қалды, шағым, арыз, хаттарға жауап болған жоқ (Айдарбеков, Актаева, Джагфаров және т.б., 2014: 70)

Қазақстан Кеңестер Одағының құрамында болған басқа да республикалар сияқты жазықсыз адамдардың өз мемлекеті аумағына жаппай қоныс аударуыжағдайына байланысты барлық ауыртпалықтар мен азапты кезеңдерді бастан кешірді. Бірлескен өмір мен қызмет жылдары қазақстандықтардың тоталитарлық, империялық, этнонационалистік саясаттың қандай да бір белгілерін тұрақты қабылдамауын қалыптастырды. Қоныс аудару территориясы ретінде республиканың бүкіл аумағы алынды, депортация кеңестік жүйенің көріністерінің бірі болды.КСРО жасаған саяси репрессиялау құрбаны болған халықтардың ең көп санды болғаны – поляктар және Польша мемлекетінің халықтары, сол аймақты мекендеген басқа ұлттар да болды. Қазақ жеріне күштеп депортациялау жұмыстары барысында қай халыққа болмасын оңай соққан жоқ. Қазақстанда өткен 1999 жылғы халық санағы бойынша XX–XXI ғғ. аралығында 40 мың поляк тұрғыны болған, бұл республика халқының 0,3%-ын құрады. Поляктардың көпшілігі Солтүстік Қазақстанның аймақтарына жер аударылған, атап айтқанда, Ақмола және Қостанай облыстарына. Солтүстік Қазақстан облысында поляктардың ең көп саны – 17054 адам, бұл облыс халқының 2,6% құрайды. Бұл тарихи фактілермен де сәйкес келеді, өйткені саяси қуғын-сүргін және депортация жылдары, 1930–1940 жылдар шегінде поляк азаматтарының көп бөлігі осы аймаққа көшірілді.

Депортацияланған тұтқындар арасында түрлі қарсылық процестері орын алды, мысалы аудандық комитет хатшысының 1937 жылғы мамырдағы баяндамасында «Соңғы 10 күнде жаңа кенттерде немістер мен поляктардың қоныс аударушылары арасында контрреволюциялық элемент тарапынан арандатушылық жұмыс қатты өрістеді... шабындық жерлерді өртеуді ұйымдастыру, социалистік меншікті ұрлау, жеке бақшаларды отырғызудан жалтару, қашу» осындай әрекеттермен басшылық тарапқа қарсылығын білдірді (Этническая депортация, 2014: <http://my.krskstate.ru/docs/greatwar/etnicheskaya-deportatsiya-polyakov>). Дегенмен, ішкі тәртіп ережелерінің қатал жағдайларына қарамастан қашу кейде жаппай орын алып та отырды. Мәселен, № 4, 9, 10, 11 кенттерден 1936 жылғы маусымнан бастап 1937 жылғы наурызға дейінгі кезеңде тұратындардың жалпы саны 2700 құрады, оның ішінде 302 адам қашуға мәжбүр болды. Орын алған оқиғалар арасында көпшілік қашып кеткен азаматтар Омбы қаласына бет алды, олардың пікірінше, осы аймақтан өз туған жерлеріне жету оңай болады деп ойласа керек. Аталған оқиғалардың орын алуын тоқтату, революцияға қарсы қауесеттердің таралуын тоқтату үшін Красноармейск аудандық партия комитеті 1937 жылы 7 мамырда «аталған ауылдардағы саяси оқиғалар туралы»қаулы қабылдады, онда «ауылдардағы орын алған саяси қарсылық»көрсетілгендеп келтіріледі (Этническая депортация, 2014: <http://my.krskstate.ru/docs/greatwar/etnicheskaya-deportatsiya-polyakov>). Осы қаулымен аудандық атқару комитетінің партиялық тобына «ұйымдастырушыларды анықтау және оқшаулау, халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, қоныс аударушылардың қозғалысына қатаң бақылау орнату, ауыл кеңесі мен коменданттың рұқсаты жоқ қоныс аударушыларды жұмысқа қабылдауға тыйым салу»шұғыл шаралар қабылдау тапсырылды. Сондай-ақ қашу мен өрттерді ұйымдастырушыларға демонстрациялық сот процесін ұйымдастыру, материалдық жағдайдың мәселесін талқылай отырып, жалпы шаруашылық жиналыстарын өткізу міндеті қойылды (Этническая депортация, 2014: <http://my.krskstate.ru/docs/greatwar/etnicheskaya-deportatsiya-polyakov>).

Қазақстанға жер аударуға жоспарланған поляктар үшін депортацияның тағы бір толқыны 1939–1941 жылдары пайда болды. Бұл республикалардың кеңес режиміне қарсы барлық өкілдері 20–30-шы жылдары жұмыс істеген схема бойынша Сібірге, Орта Азияға және Қазақстанға көшірілді. 1940 жылы жер аударылғандардың көптеген құрамы Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Ақмола, Талдықорған, Алматы және Жамбыл облыстарына жіберілді. Олар қуғын-сүргінге ұшыраған бүлікші ұйымдардың қатысушыларының, бұрынғы поляк армиясы офицерлерінің, полицейлердің, түрмеге қамалғандардың, жандармдардың, помещиктердің, фабриканттардың және бұрынғы поляк мемлекеттік аппараты шенеуніктерінің отбасы мүшелері болды (Алдажуманов, Алдажуманов, 1997:12). Олардың арасында «поляк посадниктері және

босқындар» атты арнайы қоныс аударушылардың екі бөлек жаңа контингенті пайда болды. Посадниктер – бұл Польшадан қоныс аударушылар, негізінен, 1920 жылғы поляк-кеңес соғысында ерекшеленген және 20–30 жылдары алған поляк армиясының бұрынғы әскери қызметшілері. Олар жергілікті тұрғындарға қатысты белгілі бір полиция қызметін атқарды. Дегенмен, 1939 жылы Батыс Украина мен Батыс Беларусь КСРО құрамына кіргеннен кейін, поляк посадниктері «еңбек халқының ең қауіпті жаулары» деп жарияланып, отбасыларымен Қазақстанға, Оралға және Сібірге жер аударылды. Осы тұста ескерер жайт, олардың ұлттық құрамы гетерогенді болды, яғни негізгі бөлігін поляктар құрады, бірақ олардың арасында еврейлер, украиндар, белорустар, немістер және басқа ұлт өкілдері де болды. 1940 жылдың ақпанынан 1941 жылдың маусымына дейін барлығы 380 мың поляк жер аударылды, олардың көпшілігі арнайы қоныстануға түсті. 1941 жылы жер аударылған халықтарға одан да қиын болды. Сонымен қатар, Қазақстанда қуғын-сүргінге ұшыраған офицерлердің 66 мыңға жуық отбасы тіркелді, олардың басым көпшілігі поляктар болды.

1939 жылы 19 мамырдағы ГУЛАГ басқарма бастығы М.В.Конрадовтың КСРО Ішкі істер комитетінің орынбасары В. В. Чернышевке Украинадан қоныс аударушыларды есепке алуды ұйымдастыру жөніндегі «аса құпия» баянхатында: «КСРО ХКК бұйрығымен, қазақ жеріне қоныстандырылған халықтар бірден паспорттарын өлкелік ұйымдарға тапсырады; қоныстанғандар орналастырылған кенттерден қашу қылмыстары орын алмас үшін комендатура ұйымдастырылуы тиіс; жеңіл қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды болдырмас үшін милициялық күштерді күшейту қажет» деген ұсыныстарын жеткізеді (Айдарбеков, Актаева, Джагфаров және т.б., 2014: 92)

КСРО ХКК-нің 1940 жылғы 10 сәуірдегі №497-178 қаулысы бойынша Қазақстанға Украина мен Белоруссияның батыс облыстарынан 60667 (басқа деректер бойынша – 61092) поляктар көшірілді. Олар Ақтөбе, Ақмола, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Семей облыстарында қоныстандырылды: 36729 адам – колхоздарға, 17923 адам – совхоздарға және 8000 адам – әртүрлі өнеркәсіптік кәсіпорындардың жұмысшы кенттеріне жер аударылып жіберілді (Сталин, 1992:31).

Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін 1941 ж. 12 тамызда «Аса құпия» белгісімен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі мен БКП(б) ОК «қуғын-сүргінге ұшыраған поляктарды босату тәртібі туралы» Қаулысы қабылданды (Айдарбеков, Актаева, Джагфаров және т.б., 2014: 1). Кеңес үкіметі мен Польша үкіметі арасында келісім жасалуына байланысты КСРО-ның Халық Комиссарлар Кеңесі мен БКП(б) Орталық Комитеті қаулы етеді: «...түрмелерден, еңбекпен түзеу лагерлерінен, әскери тұтқындарға арналған лагерлерден, арнайы поселкелерден және поляк азаматтарын: а) бұрынғы поляк армиясының барлық әскери тұтқындары мен тұтқындалған әскери қызметшілерінен; б) түрмелерге және еңбекпен түзеу лагерлеріне әр түрлі мерзімге сотталғандар, сондай-ақ, ПХК (НКВД) органдарының, соттар мен әскери тұтқындардың қарауындағы тергеудегі адамдар босатылсын; в) Украина мен Белоруссияның батыс облыстарының аумағынан шығарылған арнайы елді мекендерге жіберілгендер (қоршаушылар мен орманшылар, қуғын-сүргінге ұшырағандардың отбасы мүшелері және басқалар). Босатылған поляк азаматтарына шекаралас аудандарды, тыйым салынған аймақтарды, соғыс жағдайында жарияланған жерлерді және бірінші және екінші санаттағы режимдік қалаларды қоспағанда, КСРО аумағында еркін тұруға рұқсат етілсін». Көріп отырғанымыздай, поляктарға бұрынғы тұрғылықты жерлеріне оралуға рұқсат етілмеді. Сонымен қатар, бұл шешім мәні бойынша орындалған жоқ деп айтуға болады, өйткені қабылданған қаулыға қарамастан поляктарды жер аудару жалғасып, «соғыстың алғашқы айларында Қазақстанға тағы 50 мыңға жуық түрлі ұлт өкілдері қоныстандырылды» (Шотбакова, 2014).

Үкіметтің арнайы қоныс аударушыларға қатысты жүргізіп отырған саясатын нақтылай түсу үшін 1948 жылғы 26 қарашада «Немістер, поляктар, қалмақтар, ингуштар, шешендер, финдер, латыштар және басқа да берілген аудандарға қоныс аударушылар мәңгіге көшірілді» және олардың қоныс аудару аумақтарынан ПМ органдарының рұқсатынсыз кетіп қалуы 20 жылға дейін лагерлерде ауыр еңбекпен жазаланды. 1945 жылдың 8 қаңтарында КСРО ХКК-нің «Арнайы қоныс аударылғандардың құқықтық жағдайы туралы» қаулысы шықты, онда арнайы қоныс

аударушылар ресми түрде толық құқықты азаматтар ретінде анықталды. КСРО ИМ ГУЛАГ бастығы генерал-лейтенант В.Наседкин түсіндіргендей, ендігі жерде күштеп қоныстандырылған барлық халық өкілдері «арнайы қоныс аударушылар жағдайына ауыстырылған адамдар еңбекақы мөлшеріне, тұрғын үй-коммуналдық тамақтануды, сауда мен мәдени-тұрмыстық мекемелерді қамтамасыз етуге құқылы, тек қана қоныс аудару ауданынан тыс жерлерге шығу құқығы кірмейді» деп көрсетті.

Сонымен, XX ғасырдың 30 жылдары, жер аударудың алғашқы жылдарында поляк ұлтына қарсы қуғын-сүргін бойынша Қазақстанға барлығы 13 600 отбасы жер аударылды: Оңтүстік Қазақстан облысына – 5 500, Алматы және Қарағанды облыстарына – 3 000, Шығыс Қазақстан облысына – 2 000, Ақтөбе облысына – 100 отбасы. Жалпы, кеңестік басқа да поляк операциялары қылмыстық істер ретінде 143 810 адамның ісі қаралды, оның ішінде 139 835 адам сотталды. Оның ішінде 111 091 адам (77,25%) ату жазасына кесілді, 28 744 адам (23%) қамауға алынды.

Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстанға жер аударылған поляктар саны 61 092 адамды құрады (Ақтөбе облысына – 5 646). Облыс бойынша олар келесідей қоныстанды: Ақтөбе ауданына – 615 адам, Мөртөк ауданына – 813, Қобда ауданына – 625, Ключевой ауданына – 947, Жұрын ауданына – 815, Темір ауданына – 875, Новороссийский ауданына – 655, Степной ауданына – 328, Родниковский ауданына – 330 (Степаненко, 2018).

Ақтөбе аймағына жер аударылған поляктардың әлеуметтік өмірге бейімделуін қалыптастыру барысында, 1941 жылы желтоқсанда облыста делегатура құрылып, онда депортацияланған поляктардың істерін Польша елшілігі қолға алды. Делегатураның есептеріне сәйкес, аймақтағы поляк депортанттарының жағдайын бағалауға болады. Келесідей мұрағаттық құжаттан үзінді: «Древская Мария Болеславовна, 1892 ж.т., полька, Варшавада, Рим-католик дінінде дүниеге келген. 1939 жылға дейін ол Львов облысының Самбор қаласында тұрды. Азаматтығы – поляк. 1940 ж. 14 сәуірде Польшадан қуылды, 1941 ж. 10 шілдеде қамауға алынды, жазасын Қарағанды еңбекпен түзеу лагерінде өтеді. 1941 жылы 8 желтоқсанда босатылды, қазір Ақтөбе қаласында Ворошилов көшесі, 114 мекен-жайында тұрады» ақпараттар архивтерде осындай негіздерде сақталған. Делегатура поляк депортанттарын жұмысқа орналастыру мәселесімен де айналысты. Ең үлкен артель 1941 жылдан 1943 жылға дейін жұмыс істеген «Рекорд» артелі болды. Артель сыртқы киімдер мен іш киімдерді тігумен, балалар ойыншықтарын өндірумен айналысты. Төрағасы Станислав Додлица есімді поляк ұлтының азаматы болды. «Ақжар» кірпіш артелінде 25 поляк, «Утилькомбинат» артелінде де осынша адам жұмыс істеді. «Дружба» ауыл шаруашылығы артелі (Джурунда) әскери тапсырыстарды орындай отырып, пальто, етік, қолғап және етік тікті. Осы деректердегі штат кестесіне сәйкес 153 адамның 110-ы поляктар болды. Делегацияның құжаттарының деректері бойынша, аудандық атқару комитеттері поляктарға жұмыс күндері нан мен басқа да өнімдерді беруді, қалыпты өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етуді бақылауға міндеттеді. Делегация эвакуация кезінде ата-анасынан айырылған поляк балаларына қамқорлық жасады, оларға арналған балалар үйлері Ақкөмір, Алға, Шалқар, Ақтөбе қалаларында болды.

Поляктарға арналған арнайы қоныс аудару режимі тек 1956 жылы 17 қаңтарда – КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының арнайы Жарлығымен жойылды. Жарлық олардың арнайы қадағалауын жойды (комендатуралар деп аталады), бірақ поляктардың ресми түрде статусы қалпына келтірілмеді және бұрынғыдай әкімшілік органдардың бақылауында болды. Бұрынғы поляктардың «арнайы қоныстанушылары» толыққанды кеңес азаматтары болып саналғанына қарамастан, поляктардың көпшілігінде 1959 жылға дейін төлқұжаттары болған жоқ, ал кейбір аймақтарда оларға төлқұжаттар тек 1970 жылдары берілген. Өткеннің қайғылы оқиғаларын шынайы жарықтандыратын құжаттарға деген қызығушылық бүгінде күннен күнге артып келеді. Жақында халықтарды толығымен жер аудару тақырыбында көптеген көркем және тарихи-публицистикалық шығармалар жазылды. Сол оқиғалардың куәгерлерінің барлық естеліктері, осы тақырыптағы барлық үзінділер негізінен бір сарында көрсетілген: қайғы, ауыртпашылық, қорқыныш, трагедия. Алайда, халықтарды депортациялаудың толық тарихы – Сталиндік режимнің ең қорқынышты өнертабыстарының бірі әлі жазылмаған, ол адамзатқа қарсы осы қылмыстың мәніне ене алатын зерттеушілерін күтуде. Бұл варваризмнің механизмін ғана емес, оның бастауын, шығу тегін, себептері мен формаларын да ашу керек. Бұл зұлымдықтың «бір елде»

неге мұндай масштабта пайда болғанын түсіндіруге, оны психология, әлеуметтану, әлеуметтік құрылым, идеологияның ерекшеліктері тұрғысынан түсіндіруге тырысқан жөн (Этапы депортации, https://studbooks.net/542544/istoriya/etapy_deportatsii_polyakov_territorii_zapadnoy_ukrainy_kazahstan).

Күштеп қоныс аудару саясатын зерттеу барысында Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві басып шығарған «Қазақстандағы поляктар тарихынан (1936–1956)» құжаттар жинағы маңызды рөл атқарады. Жинақта Қазақстандағы поляк ұлтының кеңес азаматтарының жағдайы туралы құжаттар жарияланды. Украин КСР-нен поляктарды күштеп көшіріп әкелу және республикаға орналастыру, Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде поляк субъектілерін депортациялау және республикада поляк елшілігінің делегатураларын құру, поляк патриоттары одағының қызметі, Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақ КСР-інде поляк әскери құрамаларын құру туралы материалдар сақталған. Архивтік материалдар екінші дүниежүзілік соғыс кезінде және соғыстан кейінгі алғашқы жылдары поляк азаматтарының республикадағы өмірінің түрлі аспектілерін ашып көрсетеді. Жинаққа Республиканың мемлекеттік архивінде сақталатын және әлі күнге дейін ғылыми айналымға белсенді енгізілмеген 185 құжат енгізілді, оның 177-і алғаш рет жарияланды (Шотбакова, 2014). Осы уақытқа дейін жарияланған құжаттар жинақтарының ортақ кемшілігі жер аударылғанға және арнайы қоныс аударғанға дейін поляктардың діни өмірі туралы материалдардың толық болмауы, олардың жергілікті халықпен қарым-қатынасы туралы ақпараттың жеткіліксіздігі болып табылады. Жарияланған жұмыстар мен архив көздерін талдау кейбір шетелдік және кеңестік (ресейлік) авторлардың депортацияланған поляктарға қатысты статистикалық мәліметтері әр түрлі екенін, оларды әрі қарай нақтылауды қажет ететінін көрсетеді (Дегитаева, 2000:330).

Алматы облысының мемлекеттік архивінің қорларында поляктарды депортациялау бойынша өз құрамы бойынша әртүрлі құжаттар бар: Украина мен Белоруссияның батыс облыстарынан жер аударылған поляк азаматтарына қосымша материалдық көмек көрсету туралы КСРО және Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулылары; КСРО-да поляк армиясы қызметшілерінің отбасыларының материалдық-тұрмыстық орналасуын жақсарту жөніндегі іс-шараларды өткізу туралы облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасарының директивалық нұсқаулары, поляк азаматтарының тізімі, поляк азаматтарына түскен қайырымдылық жүкті заңсыз пайдалану туралы баяндама жазбасы, поляк азаматтарын КСРО-дан Польшаға қайтару жөніндегі нұсқаулықтар сақталған.

Ақтөбе облысының мемлекеттік архивінде Ұлы Отан соғысы жылдары барысында шекаралық аймақтардан қоныс аударылған поляк халықтарының түрлі тізімдері берілген, онда аты-жөні, жеке мәліметтер, келу себептері, жұмыс жағдайлары мен орналасу ерекшеліктеріне де сипаттама берілген. Жалпы депортациялау барысында Ақтөбе облысы Темір ауданына қоныс аударылғандардың тізімі көрсетілген (АқОМА. 27-іс, 3-п.) «Темір ауданы бойынша польшалық азаматтар» ісінде 1941 жыл 31 қазаннан 1942 жыл 26 наурыз аралығындағы тізім көрсетілген. Аталған уақыт аралығында Екінші Дүниежүзілік соғыстың бағыты КСРО аумағына өткен кезінде қазақ жеріне қоныс аударылған халықтар көп болды. Ақтөбе облысы, Темір ауданына қоныстандырылған поляктар саны 590 жетті, көпшілігі шекаралық аймақтардан келген, отбасымен бірге қоныстандырылғандар да бар. Іс-құжат келесідей тәртіпте жасалған: қоныстанушы азамат толық аты-жөні, туған жылы және туған жері, ұлты, діні, қазақ жерінде тіркелген ауданы, аймаққа тіркелген номері, отбасылық жағдайы, тілі, отбасы мүшелерінің аты-жөні мен мекен-жайы көрсетілген. Мысалы, Кривокульска Юлия Пешровна 1904 жылы Торнополь облысы Козлов ауданында дүниеге келген, поляк, католик, 1940 жылы 13 сәуірде Темір ауданына әкелінген, 1922 жылдан тұрмыста, ата-анасы қайтыс болған; Стахыра Тадэуш Игнатович 1911 жылы Станислав облысында дүниеге келген, поляк, рим католик діні, 1941 жылы 6 қазанда Темір ауданы Ақтас аулына қоныстандырылған, 1940 жылдан отбасылы, ата-анасымен бірге көшіріліп әкелінген; Пруска Ядвига Зигмидовна 1924 жылы Скержевица облысында дүниеге келген, поляк, Рим католик дінінде, 1941 жылы 3 қазанда Темір ауданы Каганович кентіне әкелінген, тұрмыста емес, ата-анасының жағдайы белгісіз; Залевска Казимера Антоновна 1911 жылы Тлцана облысы, Хойново ауданында дүниеге келген, поляк, рим католик дінінде 1941 жылы 6 қазанда Темір

ауданына әкелінген, 1934 жылдан тұрмыста, ата-анасы жағдайы белгісіз. Тізімдегі азаматтардың салыстырмалы түрде алатын болсақ, көпшілігі Польша-Украин жерінен қоныс аударған, поляк ұлты азаматтары, католик дінін ұстанғандар, еркінен тыс көшірілген, барлығы дерлік Темір ауданы мен жақын селоларға қоныстандырылған, ата-аналары белгісіз жағдайда немесе Польша аумағында қалған.

Сондай-ақ Ақтөбе облысының мемлекеттік архивінде Ұлы Отан соғысы кезінде шабуылдар алаңы аймағында қалған тұрғындарды көшіру оқиғалары туралы «Әскери шабуылдарға ұшыраған аймақтардан эвакуацияланған тұрғандар тізімі» ісінде 1941 жылы 1 тамыздан қауіпті аймақтарда қалған аралас ұлт өкілдерін қазақ жеріне көшіру барысы қамтылған (АқОМА, 26-іс). Аталған іс-қағазда 1941 жылдың 1 тамызынан 1942 жылдың 1 қаңтарына дейін Ақтөбе облысының аудандарына көшіріп әкелінгендер тізімі берілген. Мұнда Батыс Украина және Батыс Белоруссиядан қоныстанған халықтардың алдымен аты-жөні, шифрленген номері, қай аймақтан қоныстандырылғандығы жөнінде ақпараттар берілген. Мысалы, С.Ослук Витовский облысынан, М.Полий Фостов ауданынан, М.Яровенко Запорожье ауданынан, А.Квасинский Виницкой ауданынан, И.Прибыловский Днепропетров ауданынан, И.Либанов Прижук ауданынан қоныстандырылған. Жоғарыда аталған уақыт аралығында 381 тұрғын эвакуацияланған және Ақтөбе облысының 12 аймағына тараатыла қоныстандырылған.

Ақтөбе облысына қоныс аударушылар туралы құжаттар арасында «Ақтөбе қалалық кеңестің арнайы қоныс аударушылар есебінде» (АқОМА, 626-іс). Ішкі Ресей мен Украина, Белоруссиядан келген түрлі ұлт өкілдері кездеседі. Іс-құжат Ақтөбе қалалық Еңбекші депутаттар кеңесінде атқарушы органдары бұйрығымен жазылған, облыстың 37 аудан-аймақтарына 1941 жыл 1 қаңтарынан 1946 жыл 1 қаңтарына дейінгі уақыт аралығындағы қоныстанған халықтарды құрайды. Қоныстанған халық арасында орыстар, украиндер, белорустар мен поляк халықтары кездеседі, басым көпшілігі белорустар мен поляктар құрайды. Тізімдеме келесідей тәртіппен орналасқан: толық аты-жөні, туған жылы, ұлты, қоныс аударылған мекен-жайы мен Қазақстандағы тіркелген аумағы, орналасқан жұмыс орны да көрсетілген. Мысалы, Чогат Антонина Константинович, Чогат Андрей Федорович, Чотау Терений Ивановна, Рубенец Ольга Васильевна, Оранбинский Иван Дмитриевич, Усин Анна Васильевна тағы басқа да қоныс аударушылар алфавиттік тәртіп бойынша тіркелген, жалпы, барлығы 200 астам халық өкілдері бар.

Ақтөбе облысының ішкі істер департаментінде архив құжаттарының істерінде кездейсоқ Польшадан депортацияланған поляктар жөнінде материалдар кездеседі. Мысалы, №718 істе – Батыс Украинадан жер аударылған поляк (Львов қ.) Нырский Юрий Алексеевтің құжаттары тіркелген. Міне осындай деректер №705, 715-істерде де кездеседі (Нырский, 1944:48).

Кеңес мемлекетін депортациялау саясаты жүзымдаған азаматтардың тағдырына әсер етіп, қазіргі тарихтың қорқынышты беттерінің біріне айналды. Зорлықпен қоныс аудару саясаты бірінші болып әсер етті. Тарихта әлі де болсын поляк халықтарының толық зерттелмеген өзіндік тарихы, қоныстану тағдыры, ұлттардың ары қарай өмір сүріп кету жолында жасалған жұмыстары қайта қарауды қажет етеді, әсіресе жергілікті Ақтөбе облысына қоныстандырылған поляктардың арғы тарихын қарастыру күн тәртібіндегі мәселелердің бірі, себебі тарихи фактілер жоқтың қасы, ал архив деректеріне көп уақытқа дейін қол жеткізу мүмкін болмады.

Осылайша, Ақтөбе облысының мемлекеттік архиві және Ақтөбе облысы ішкі істер департаментінде сақталған, бұрынғы КСРО ХҚК архивінде сақталған депортацияланған поляк халықтары қатысты архив құжаттары әрі қарай зерттеуді қажет етеді.

Қорытынды. КСРО-ның жаппай саяси қуғын-сүргіннің түрлі сипаттарға ие болғаны белгілі, халықтарды көшіру, күштеп қоныстандыру процестері де аталған саясаттың айқын көрінісі. Қазақ жеріне қоныстандырылған халықтардың арасында поляктар ең көп ұлттық топтардың бірін құрады. Дәстүрлі поляк мәдениетінің тасымалдаушылары бола отырып, олар Қазақстан Республикасындағы қазіргі поляк диаспорасының негізін құрады. Әр түрлі саяси кезеңдерден өткен поляк халқы қазақ халқымен етене жақын араласып, тату қатынасқа көшіп үлгерді. Қазір Қазақстанда, статистикалық органдардың мәліметтері бойынша, 50 мыңға жуық поляктар тұрады. Кеңестік уақытта олардың саны қазіргіден әлдеқайда көп болған, шамамен 100 мыңдай күштеп

жер аударуға ұшырағаннан кейін қазақ жерінің әр түрлі аймақтарына қоныстандырылды. Поляктардың ең көп қоныстанған аймақтары ретінде Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қарағанды, Ақтөбе және Алматы облыстары алынады. Қазақ халқымен бірге түрлі саяси кезеңдерді бастан өткізіп, өмірдің қиын сынақтарына қарамастан, поляктардың көпшілігі ұлттық дәстүрлерді сақтап, жаңа ұрпаққа ана тіліне, мәдениетіне деген сүйіспеншілігін жеткізе алды.

Мақала OR 11465470 «XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы Қазақстандағы жаппай қуғын-сүргін және ақтау үдерістері: бірыңғай деректер базасын құру» жобасын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің қаржылық қолдауымен дайындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

Айдарбеков З.С., Ақтаева Л.С., Джағфаров Н.Р., Кан Г.В., Капаева А.Т., Осипов В.П., Шепель В.Н. Из истории депортаций. Казахстан 1930-1935 гг. Сборник документов. – Алматы: LEM, 2012. – 772 с.

Айдарбеков З.С., Ақтаева Л.С., Джағфаров Н.Р., Кан Г.В., Капаева А.Т., Осипов В.П., Шепель В.Н. Из истории депортаций. Казахстан. 1935-1939 гг. Сборник документов. – Алматы: LEM, 2014. – 740 с.

АқОМА (Ақтөбе облысының мемлекеттік архиві). 504-қ., 2-т., 27-іс.

АқОМА 30-қ., 1-т., 626-іс.

АқОМА. 1533-қ., 1-т., 26-іс.

Алдажуманов К.С., Алдажуманов Е.К. Депортация народов – преступление тоталитарного режима. – Алматы. Фонд «XX век», 1997. – 16 с.

Баймаханов М.Т. Государственно-правовые проблемы общенационального согласия реабилитации жертв политических репрессий. – Алматы: Фонд «XX век», 1998. – 11 с.

Баймаханов М.Т. Государственно-правовые проблемы общенационального согласия реабилитации жертв политических репрессий. – Алматы: Фонд «XX век», 1998. – с. 13.

Бексеитова А.Т. Депортация польского населения в Казахстан: их правовой статус и положение (1936-1956 г.г.) // <https://articlekz.com/article/11715>

Жумашев Р.М., Елеуханова С.В. Депортация поляков в Казахстан в 30-40-е годы XXв.: анализ исторических источников // https://rep.ksu.kz/bitstream/handle/data/6417/Жумашев_Депортация_3-75

Иосиф Сталин – Лаврентию Берия: их надо депортировать. Документы, факты, комментарии. Москва. – 1992. – 330 с.

Нырский Юрий Алексеевич, 1944 г.р. // Архив ДВД Актюбинской области. Ф. 12. Оп. 1. Д. №718. – 1944. 48 с.

О «Пакте Молотова — Риббентропа» (Краткая справка)– Историко-документальный департамент МИД России (24 июля 2008). Архивировано 6 апреля 2009 года.

Сборник документов: АП РК / Отв. ред. Л.Д. Дегитаева. – Алматы: Казахстан, 2000. – 344 с.)

Спецпереселенцы в Карагандинской области. Сборник документов и материалов. Караганда. – 2007. – 135 с.

Степаненко Н. О депортации поляков. // <https://avestnik.kz/o-deportatsii-polyakov/>

Шотбакова Л.К. Из истории депортации поляков в Казахстан (первая пол. XXв.) // <https://e-history.kz/media/upload/1466/2014/06/19/75ef99df96bf7ff18b433fa90103fd87.pdf>

Этапы депортации поляков с территории Западной Украины в Казахстан// https://studbooks.net/542544/istoriya/etapy_deportatsii_polyakov_territorii_zapadnoy_ukrainy_kazahstan

Этническая депортация поляков. Энциклопедия Красноярского края (17 сентября 2014) // <http://my.krskstate.ru/docs/greatwar/etnicheskaya-deportatsiya-polyakov/>

REFERENCES:

Aidarbekov Z.S., Aktaeva L.S., Dzhangfarov N.R., Kan G.V., Kapayeva A.T., Osipov V.P., Shepel V.N. Izistoriideportatsiy.Kazakhstan. 1935–1939gg.Sbornikdokumentov[From the history of deportations. Kazakhstan. 1935–1939. Collection of documents]. – Almaty: LEM, 2014. – 740 p.[inRussian]

Aidarbekov Z.S., Aktaeva L.S., Dzhagfarov N.R., Kan G.V., Kapaeva A.T., Osipov V.P., Shepel V.N. Iz istorii deportatsiy. Kazakhstan 1930-1935gg. Sbornik dokumentov [From the history of deportations. Kazakhstan 1930–1935. Collection of documents]. – Almaty: LEM, 2012. – 772 p. [in Russian]

Aldajumanov K.S., Aldajumanov E.K. Deportatsiya narodov – prestupleniye totalitarnogo rezhima [The deportation of peoples is a crime of the totalitarian regime]. – Almaty. Fond «XX century», 1997. – 16 p. [in Russian]

AqOMA (Aqtobe oblysyn memleketi karchivi). F. 504. O. 2. D. 27

AqOMA. F. 1533. Op. 1. D. 26

AqOMA. F. 30. Op. 1. D. 626

Baimakhanov M.T. Gosudarstvenno-pravovyye problemy obshchenatsional'nogo soglasiya reabilitatsii zhertv politicheskikh repressiy [State-legal problems of national consent for the rehabilitation of victims of political repression]. – Almaty: Fond «XX century», 1998. – 11 p. [in Russian]

Baimakhanov M.T. Gosudarstvenno-pravovyye problemy obshchenatsional'nogo soglasiya reabilitatsii zhertv politicheskikh repressiy [State-legal problems of national consent for the rehabilitation of victims of political repression]. – Almaty: Fond «XX century», 1998. – 13 p. [in Russian]

Bekseitova A.T., Deportatsiyapolskogonaseleniya v Kazakhstan: ihpravovoi status i polozheniye (1936–1956 r.r.) [Deportation of the Polish population to Kazakhstan: their legal status and situation (1936–1956)] // <https://articlekz.com/article/11715> [in Russian]

Etapy deportatsiy polyakov s territoriy Zapadnoi Ukrainiy v Kazakhstan [Stages of deportation of Poles from the territory of Western Ukraine to Kazakhstan] https://studbooks.net/542544/istoriya/etapy_deportatsii_polyakov_territorii_zapadnoy_ukrainy_kazahstan [in Russian]

Etnicheskaya deportatsiya polyakov. Entsiklopediya Krasnoyarskogo kraya [Ethnic deportation of Poles. Encyclopedia of the Krasnoyarsk Territory] // <http://my.krskstate.ru/docs/greatwar/etnicheskaya-deportatsiya-polyakov/> [in Russian]

Iosif Stalin – Lavrentiyu Beriya: ikhnadodeportirovat'. Dokumenty, fakty, kommentarii [Joseph Stalin – Lavrentiy Beria: they must be deported. Documents, facts, comments]. – Moscow, 1992. – 330 p. [in Russian]

Nyrsky Yu.A. Arkhiv DVD Aktyubinskoy oblasti [Archive DVD of the Aktobe region]. F. 12. Op. 1. D. No. 718. – 1944, 48s. [in Russian]

O «Pakte Molotova — Ribbentropa» (Kratkaya spravka) [About the «Molotov-Ribbentrop Pact» (Brief information)]. – Historical and Documentary Department of the Russian Foreign Ministry (July 24, 2008). [in Russian]

Sbornik dokumentov [Sat. documents: AP RK] Resp. ed. L.D. Degitaeva. – Almaty: Kazakhstan, 2000. – 344 p.) [in Russian]

Shotbakova L.K. Iz istorii deportatsiy polyakov v Kazakhstan [From the history of the deportation of Poles to Kazakhstan] (the first half of the 20th century) // <https://e-history.kz/media/upload/1466/2014/06/19/75ef99df96bf7ff18b433fa90103fd87.pdf> [in Russian]

Spetspereselentsy v Karagandinskoy oblasti. Sbornik dokumentov i materialov [Special settlers in the Karaganda region. Collection of documents and materials Karaganda]. – 2007. – 135 p. n [in Russian]

Stepanenko N. O deportatsiy polyakov // <https://avestnik.kz/o-deportatsii-polyakov/> [in Russian]

Zhumashev R.M., Eleuhanova S.V. Deportatsiya polyakov v Kazakhstan v 30-40-ye gody KHKH v.: analiz istoricheskikh istochnikov [Deportation of Poles to Kazakhstan in the 30-40s of the XX century: analysis of historical sources]. https://rep.ksu.kz/bitstream/handle/data/6417/Жумашев_Депортация_3-75 [in Russian]

https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_30_2_249-252

FTAMP 03.23.55

СЫН-ШҚІР

Нәбижан Мұқаметханұлы. «Халықаралық феномен: қазақ халқының бөлінуі мен тұтастану үдерісі» кітабына /Ред.: ҚР ҰҒА академигі Х.М. Әбжанов, тарих ғылымдарының докторы А.И. Құдайбергенова. – Алматы: «Қазақ университеті», 2021. – 250 б.

К.Н. Балтабаева 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Қазақстан, Алматы.

*Автор-корреспондент

E-mail: kulgazira_777@mail.ru (Балтабаева)

Рецензия «Отандастар қоры» коммерциялық емес Акционерлік қоғамының «Қазақтардың Қазақстанмен шекаралас мемлекеттердің аумақтарын қоныстану тарихын зерделеу» жобасын іске асыру шеңберінде әзірленді.

Нәбижан Мұқаметханұлын Қазақстандағы, Қытайдағы, тіптен әлемдегі қазақ диаспорасына таныстырудың қажеті жоқ, тек ғылымға енді ғана келген, тарихқа жанадан ден қойып жүрен жас зерттеушілер болмаса. Автор әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің педагогикалық қызметін атқара жүріп, Қазақстан Республикасының 30 жылдығына арнап жазған «Халықаралық феномен: қазақ халқының бөлінуі мен тұтастану үдерісі» атты іргелі монографиясын жариялады. Мұнда ескеретін жайт, бұл еңбек мемлекет қаржыландыратын қандай да бір міндеттелген ғылыми жоба аясында орындалған жұмыс емес, автор өзінің жүрек қалауымен көп жылғы зерттеуінің тұжырымдамасы іспеттес құнды дүние. Одан біз автордың кәсіби тарихшы, қытайтанушы және саясаттанушы ғалым екенін аңғарамыз.

Аталмыш монография бес тараудан құралған. Онда XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап XX ғасырдың екінші жартысына дейінгі аралықта, қазақ диаспорасының қалыптасуына ықпал еткен негізгі оқиғаларды халықаралық қатынастардағы күрделі өзгерістерге байланыстырып пайымдайды. Зеттеуші бұл тақырып аясындағы өзіне дейінгі ғалымдардың тарихнамасын барынша оқып саралай отырып оң бағасын берген (9-13 бб.). Қазақстандағы Қытай, Моңғолия және Ираннан келген тарихшы, лингвист шығыстанушы қандас (репатрианттардың) ғалымдардың ғылыми еңбектерінің құндылығын жоғары бағалайды. Ал дереккөздерге тоқталғанда, естелік жанрындағы дерек материалдары ретінде пайдалану барысында, оларды басқада тарихи жазба құжаттармен салыстырып қолданудың қажеттілігін нақты мысалдармен атап көрсетеді. Сондай-ақ «...мемуарлық еңбек жазушылардың тарихқа да, жас ұрпаққа да, өзіне де жауапкершілікпен қарап, көздері көрген, басынан кешкен шындықты ғана жазып қалдырғаны абзал болар еді» (15 б.), - деп ескертеді.

Монографияның «Қазақ халқының бөліну үдерісі» деп аталатын бірінші тарауында, халқымыздың бөліну үдерісінің - еліміздің тағдырын басқа мемлекеттер шешуімен байланыстырып түсіндіреді. Оның себептерін Орталық Азиядағы халықаралық қатынастардағы өзгерістер негізінде қарастырады. XVIII ғасырдың 30-жылдары қазақ қоғамының саяси өміріне Ресейдің отарлық саяси факторының қосылғанын (21 б.), ал 50-жылдары «Шығыс бүйірден Цин империясының қысқан жағдайының қалыптасқанын» (25 б.) атап көрсетіп, қазақ даласының екі империяның таласына түскенін түсіндіреді.

Жұмыстың «Қазақтардың Қытай мемлекеті құрамында қалуы» атты параграфында, қазақтардың Алтай, Тарбағатайдағы және Іледегі атажұртына қалай көшіп барғаны және Цин империясының құрамында қалай қалып қойғаны тарихи құжаттар негізінде талданып көрсетіледі.

Автор Ресей мен қытайлық Цин империясы кезіндегі екі елдің әлеуметтік даму деңгейіндегі айырмашылық мәселесіне талдау жасайды. «Ол кезде патшалық Ресейде капиталистік өндірістің дами бастауына байланысты, оларға шикізат көздері және одан өндірілген өнімдері саудалайтын нарық қажет болды. Сондықтан олар экспанциялық бағытта – Қазақстан, Орталық Азия, одан әрі Үнді мұхитына бет алды. Бұл мақсатын іске асыру үшін орыс үкіметі әскериленген қоғамдық күшті, яғни баукеспе казактарды алға салып пайдалану саясатын қолданды», - дейді.

Ал Цин империясы ертеректе Жоңғар хандығының бақылауында болған қазақ жерлеріне саяси бақылау орнатуды көздеді. Сондықтан олар казактардың шығыстағы атажұртына қайта көшіп баруын шектеу саясатын қолданды. Алайда екі ел арасында саяси және экономикалық сауда байланыстарының өрістеуіне байланысты казактар шығысқа қарай жылжып көшіп отырды. Тіпті Цин империясының шекара қарауылдарынан өтіп барып қоныстанды. Сонымен Ресей отарындағы казактар және Цин империясына тәуелді казактар құбылысы қалыптасты. Қытай мен Ресей өздерінің қазақ даласындағы мемлекеттік шекарасын анықтап алу керек болды.

1864 жылдың 7 қазан күні Қытай мен Ресей өкілдері Шәуешек қаласында «Қытай-Ресей батыс-солтүстік шекараны делимитациялау келісіміне» қол қойды. Аталмыш Құжат бойынша қазақ жерінің Қытайға тиген бөлігіндегі казактар жерімен бірге Қытайға, ал Ресейге тән болған өңірдегі казактар тұрған жерімен бірге Ресейдің құрамына енді.

Содан кейін қытайлық ресми құжаттарда жаңа түсініктер қолданысқа енді: «Ресей казактары», «Ресейге қараған казактар» және «Қытай казактары», «Қытайға қараған казактар» деген жаңа қоғамдық құбылыс (феномен) қалыптасты. Цин империясы провинцияларды әскери-әкімшілік жүйемен басқарған. Іле және Тарбағатай өңірлерінің казактары Іле генерал-губернаторының басқаруына қарады, ал Алтай өңірі казактарды Улиастай генерал-губернаторының Қобдадағы уәзіріне басқартады. Алайда казактардың дәстүрлі қоғамдық басқару формасы сақталды. «Ақалақшы (Болыс), Мыңбасы, Үкіртай, Гун, Тайжи деген сияқты көптеген тең дәрежелі мансап титулдарын тағайындап, солар арқылы казактарға үстемдік жүргізді» (36 б.).

«Шет елдегі казактардың өмір сүрген қоғамдық ортасы» деп аталған екінші тарауында, казактардың Қытай Республикасы (1912–1949 жж.) кезіндегі қоғамдық жағдайы мен тіршілік тәсілдерін ашып көрсетеді. Содан кейін 1949 жылдан бергі Қытай Халық Республикасындағы қоғамдық өзгерістерді және олардың соңғы 70 жыл ішінде қазақ қауымдарының тағдыр-талайы, мәдениетіндегі дамуы мен тоқырауы тарихи тұрғыдан пайымдалады.

Қытайдағы казактардың жан санының өсуіне Қазақстаннан барған босқындардың үлкен ықпалы болғаны да пайымдалады: 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің қатысушылары және олардың отбасы мүшелері; Кеңес үкіметіндегі 1920–30 жылдардағы саяси жағдай, аштық пен саяси қуғын-сүргіннен бойтасалағандар қосылды. Бұл босқындардың келуімен Қытайдағы қазақ қауымының саны артып қана қоймай, олардың сапасы да өзгерді, - дейді. Соның нәтижесінде Қытайда тұрып жатқан казактар екі түрлі топтан құралады: басым көп бөлігі – кезінде шекара делимитациялаудан бұрын атажұртында барып орныққандар, яғни өздерін байырғы атажұртында отырмыз деп санайтындар; екінші топты құрайтындар - Кеңес Одағы кезінде түрлі себептермен ауып барғандар.

Автор архив құжаттарына сүйене отырып, Қытайдағы казактардың өмір сүрген қоғамдық ортасын тұжырымдап сипаттайды. Сондай-ақ Моңғолия жеріндегі казактар - XIX ғасырдың соңғы жартысында Қытайдың Алтай аймағынан көшіп барған Абақ-керей тайпалары және XX ғасырдың басында Шығыс Қазақстанның Марқакөл мен Зайсан аудандарынан босып барған Наймандардан қауымдасқан. Олардың Моңғол мемлекет құрамына қабылдану барысы ұзаққа созылғанын пайымдайды. Екінші тараудың екі параграфы Моңғолиядағы казактардың тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық ортасы және әлеуметтік дамуына арналған (40 б.). Оларды казактардан шыққан бір гун мен 15 үкірдай басқарды. Моңғолиядағы казактардың жайылымдық жерлерінің кеңдігі мен өміршең рухы олардың моңғол далаларында сақталып қалуы мен дамуына негіз болды. Ал Моңғол мемлекетінің дербестігі ондағы казактардың азаматтық алуына және әлеуметтік саяси істерге қатысуына алғышарт әзірледі деп тұжырымдайды автор.

Н. Мұқаметханұлы Қытайдағы қазақ босқындарының күрделі мәселелеріне ерекше мән беріп, оларға «Қазақтардың алыс шетелдерге босып кетуі» деген жеке параграф арнайды.

Автор Алтай аймағы қазақтарының ішкі көшіп-қонуының негізгі бес себептерін анықтайды, яғни олардың шығысқа үдере көшуі және Шэн Шицай губернаторының зұлымдық саясатының салдары, оның Кеңес Одағының қолдауымен жүргізген тағылық саясаты екенін талдап көрсетеді. 1940-шы жылдары Қытайдағы қазақ қауымының саны азайды, өйткені саяси өзгерістерге байланысты және Шыңжандағы қозғалыстарға орай қазақтардың елден шеттеп, тіпті шөл басып, тау асып алыс шетелдерге босып кеткен-ді.

Қытайдың оңтүстік батысынан Кашмирге өтіп барған босқын қазақтарды, 1953 жылы Түркия Республикасы қабылдайды. Автор Түркияның бауырлас халықтың тағдырына көрсеткен көмегін жоғары бағалайды. Түркия елі 3000-ға жуық қазақ босқындарды қабылдаған еді, олардың жан саны өсіп XX ғасырдың 80-ші жылдары 11 690 адамға жетті (60, 62 бб.). Қазақтар жаңа ортада еркіндікке қол жеткізе отырып өздерінің құқықтық және әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартты. Олардың біршамасы Еуропаға еңбек миграциясы ретінде қоныс аударып Франция, Германия, Ұлыбритания, Норвегия және т.б. елдерде тұрақтады. Еуропадағы қазақтардың жалпы санын, Қазақстан, Қытай, Моңғолия, Иран, Ауғанстаннан барған қазақтарды қосқанда жалпы саны 10 000 адам шамасында деп есептейді. «Бірақ заман өте келе олардың ұрпақтары қазақы болмысынан, ұлттық сана-сезімінен, ұлттық құндылықтардан айырылып бара жатқанын жасыра алмаймыз және ол үдерісті тоқтата да алмаймыз» деп үлкен өкінішпен тұжырым жасайды (63 б.).

III-тарау «Қазақ халқының ортақ ұлттық санасы» деп аталған, бұл бөлімде маңызды пәнаралық мәселелер қамтылған: «Қазақ халқында ұлттық ішкі бірліктің сақталуы», «Қазақы сананың әлеуметтік және рухани әлеуеті», «Қазақтардың ұлттық бауырмалдығы және мәдени байланыстары», «Қазақтардың саяси жатсынуы және этникалық танымы» деген тақырыптарды терең тарқатып сипаттайды.

IV-тарау «Тәуелсіздік және қазақ халқының жаңаша тұтастану үдерісі» деп аталады. Мұнда зерттеуші Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің арқасында қазақ халқының жаңа форматтағы біртұтастану үдерісін пайымдайды. Автордың пайымы бойынша, Қазақстандағы ұлттық бірегейлену үдерісінің дамуы – әлемнің төрт бұрышында жүрген қазақтарда ортақ ұлттық санасының болуына байланысты өрістеген. Шетелдерде өмір сүріп жатқан этникалық қазақтар, «бөтен» саяси мәдениеттің ықпалында ұшыраса да, олардағы қазақы сана-сезім оларды тарихи отаны - Қазақстанға «жұмсақ» оралуына ықпал етеді.

XX ғасырда қазақ халқы негізінен социалистік жүйедегі қоғамда өмір сүрді. Оларды мемлекеттік әкімшілік шекаралар бөліп тұрғанына қарамастан, қоғамдық-гуманитарлық ортадағы уақыт пен кеңістіктегі өздеріне ғана тән қасиеттерін сақтап қалды. Қытай, Моңғолия мен Қазақстан қазақтарының арасындағы халықтық коммуникация жалпы ұлттық сана-сезім мен құндылықтар талғамын сақтауға ықпал етті. Сондықтан да тәуелсіздік жағдайында шетелдердегі қазақтар Отанға оралып, жаңа тарихи дәуірде тұтастануға ойысты деп санайды автор. Сондай-ақ ол бүкіл ұлт болып, ел болып біртұтастанғанда ғана Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін қамтамасыз етеді деп тұжырымдайды.

Автор осы көзқарасын дәйектей түсу үшін монографиясының V тарауын «Қандастар және Мәңгілік ел болу» тақырыбына арнапты. Өте орынды. Бұл тарауда қандастардың (репатрианттардың) елдің әлеуметтік-экономикалық және рухани жаңғыруындағы атқарып отырған қызметін нақты мысалдармен айқын көрсеткен. Еліміздің демографиялық әлеуетінің артуына, бизнес кәсіпкерліктің дамуына, мемлекеттік тілдің қолданыс аясының кеңеюіне, отандық ғылым, білім беру саласы мен медицина-денсаулық қорғау істеріне қосқан қомақты үлестері нанымды пайымдаған.

Ғалым осы бір монографиясын жазарда жалпыәлемдік зерттеу әдістерін органикалық түрде қолданған: жүйелі талдау, синтез, дедукция, индукция статистикалық салыстыру және тарихи культурология т.б. Салыстырмалы-сәйкестік және мәселелік-хронологиялық әдістер хронологиясы аясында, алайда ол түрлі өңірлер, елдер мен жағдаяттағы тарихи құбылыстардың жалпылығы мен даралығын анықтауға мүмкіндік берген. Біз бұл жерде тек тарихи ілімнің кеңеюін ғана емес, сонымен бірге жаңа әдістемелік тәсілдерді көріп отырмыз, – қазақ халқының

тарихындағы тағдыршешті мәселелерді көтеру арқылы оның егемен Қазақстан тұрғысынан біртұтастығы мен бірегейлік заңдылығы ашылған.

Пәнаралық зерттеу нәтижесін автор «Қорытынды» бөлімінде егжей-тегжейлі пайымдаған. Монографияда «Пайдаланылған деректер тізімі», «Белгілер мен қысқартулар тізімі» берілген. Аңдатпа ағылшын және орыс тілдерінде, мазмұны – үш тілде жазылған.

Автор өзінің монографиясына эпиграф ретінде ұлы Абай Құнанбаевтың сөздерін берген:

«Бірінді қазақ бірін дос,

Көрмесен істің бәрі бос».

Шындығында, Абай өсиеті бүгінгі әрқайсымызға, бүкіл қазақ әлеміне арналған ғой. Өсиетті орындау біздің парызымыз!

Оқырмандардың назарына ұсынып отырған Н. Мұқаметханұлының монографиясында қазақ халқының бірлігі, ұлттық біртұтастығы мен бірегейлену үдерісі сынды аса маңызды тақырыптар зерделенген. Еңбектің ғылыми құндылығы, практикалық маңызы да осында деп санаймыз. Еліміздің мызғымас іргетасы да ұлттық бірлікте.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылдың 6 наурызында № 280 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020–2030 жылдарға арналған сыртқы саясаты Тұжырымдамасының адам құқығы, гуманитарлық дипломатия саласында «шетелдегі қазақ қауымы шоғырлы тұратын жерлерде қазақ тілі мен мәдениетін дамытуға, олардың тарихи отанымен байланысын, соның ішінде Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы және «Отандастар» Қоры арқылы қолдау» атап көрсетілген. Сондықтан мемлекетіміздің шетелдердегі этникалық қазақтармен байланысы дами түседі, дәстүрге айналған қандастардың көші-қоны жаңа Қазақстан жағдайында өз жалғасын табады деп сенеміз.

Information about the authors:

K.N. Baltabayeva – Al-Farabi Kazakh National University. Kazakhstan, Almaty. E-mail: kulgazira_777@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-6641-5802>.

МАЗМҰНЫ

Абдулина А.Т. ҚАЗАҚСТАННЫҢ НЕГІЗГІ ЭТНОС ӨКІЛДЕРІНІҢ ТІЛДЕРІ МЕН МӘДЕНИЕТТЕРІ ЭТНОСАРАЛЫҚ КЕЛІСІМНІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МОДЕЛІ ПРИЗМАСЫ АРҚЫЛЫ.....	4
Әділбаева А.С., Жақыпова Т.У. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ (XX ғ. 20-30 жж.).....	18
Акымбек Е.Ш., Мухтарова Г.Р., Железняков Б.А. МОҢҒОЛ ДӘУІРІНЕ ДЕЙІНГІ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БУДДИЗМ ТАРИХЫНЫҢ ЕКІ КЕЗЕҢІ ХАҚЫНДА.....	32
Алдажұманов Қ.С., Қыпшақбаев Қ.З. ҚАЗАҚСТАННЫҢ АДАМ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ РЕСУРСТАРЫН КСРО-НЫ ҚОРҒАУҒА ЖҰМЫЛДЫРУ.....	48
Бекназаров Р.А., Кушкарлова Г.К., Бақтығали Ж.Б. АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ПОЛЯКТАРДЫҢ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҮШЫРАУ ТАРИХЫ.....	65
Жұмағалиев Д.А., Арынова З.Қ. ОТАНДЫҚ ТАРИХШЫЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АСА МАҢЫЗДЫ ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУЫ МЕН БАҒАЛАУЫ (ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША).....	77
Жамбулатов К.А. БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕЙІНГІ САРМАТ МӘДЕНИЕТІНЕ ТӘН ЖЕРЛЕУ ҒҮРПЫ.....	91
Жүсіп Сұлтан-Хан, Қозыбаева М.М. ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН, АХМЕТ БАЙТҮРСЫНҮЛЫ ЖӘНЕ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНІҢ ФЕНОМЕНІ.....	101
Закарья Р. ЕУРОПАЛЫҚ ЭМИГРАНТТАРҒА ҚАТЫСТЫ КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ РЕПРЕССИЯЛЫҚ САЯСАТЫ.....	112
Ибраева А.Ғ., Темирханова А.С., Садықов Т.С. АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ ЖӘНЕ ЭТНОС ТАРИХЫНЫҢ ГЕНЕЗИСТІК МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	125
Исаев М.С., Шаметов С.Т., Джаппарова Р.Т. КЕҢЕСТІК БИЛІКТІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕШІТТЕРГЕ ҚАРСЫ САЯСАТЫ (1918-1953 жж.).....	134
Көмеков Б.Е., Ташқараева Ә.М. «ШЕЖІРЕ-И-ТАРАКИМЕ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ АУЫЗША ТАРИХ ДӘСТҮРІ: ДЕРЕКТЕМЕЛІК ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТӘПСІРЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	146
Крупко И.В., Бұрханов Б.Б. ОТАРЛАУДАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНЫҢ ТАРИХИ ЖАДЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТАРИХНАМАЛЫҚ НАРРАТИВТЕРІ.....	158

Құрманов З.К. ҚЫРҒЫЗ МЕМЛЕКЕТТІГІНІҢ НЕГІЗГІ САЛУШЫ ӘКЕЛЕРІ ТУРАЛЫ.....	168
Құрманалина Н.Н., Мұхатова О.Х., Қуанбай О.Б. РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ ТАРИХНАМАДАҒЫ КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМОВ.....	177
Қуанбай О.Б. ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫ ТУРАЛЫ МҰРАҒАТТЫҚ ҚҰЖАТТАР (XVIII – XIX ғ. АЛҒАШҚЫ ЖАРТЫСЫ).....	187
Қозыбаева М.М. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШТЫҚ; ЗЕРТТЕЛМЕГЕН БЕТТЕР.....	201
Раздыков С.З., Досымбетов Н.А. СЫРДАРИЯ ӨңІРІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ СУЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....	209
Сабденова Г.Е., Байгунаков Д.С. ЕСІМ ЖӘНЕ ТҮРСЫН ХАНДАР АРАСЫНДАҒЫ ТАЛАС-ТАРТЫСТЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	221
Хайдаров Е.Е. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІ (1928-1932 жж.) (Жәнібек, Шыңғырлау аудандары материалдары негізінде).....	234
Сын-пікір Рецензия Review	
К.Н. Балтабаева НӘБИЖАН МҰҚАМЕТХАНҰЛЫ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕНОМЕН: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БӨЛІНУІ МЕН ТҮТАСТАНУ ҮДЕРІСІ. КІТАБЫНА СЫН – ПІКІР.....	249

СОДЕРЖАНИЕ

Абдулина А.Т. ЯЗЫКИ И КУЛЬТУРЫ ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ ОСНОВНЫХ ЭТНОСОВ КАЗАХСТАНА ЧЕРЕЗ ПРИЗМУ КАЗАХСТАНСКОЙ МОДЕЛИ МЕЖЭТНИЧЕСКОГО СОГЛАСИЯ.....	4
Адильбаева А.С., Джакипова Т.У. НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ В ВОСТОЧНОМ –КАЗАХСТАНЕ В 20-30-е ГОДЫ ХХ ВЕКА.....	18
Акымбек Е.Ш., Мухтарова Г.Р., Железняков Б.А. О ДВУХ ЭТАПАХ ИСТОРИИ БУДДИЗМА В ЮГО-ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ ДОМОНГОЛЬСКОГО ПЕРИОДА.....	32
Алдажуманов К.С., Кыпшакбаев К.З. МОБИЛИЗАЦИЯ ЛЮДСКИХ И МАТЕРИАЛЬНЫХ РЕСУРСОВ КАЗАХСТАНА НА ОБОРОНУ СССР.....	48
Бекназаров Р.А., Кушкарлова Г.К., Бақтығали Ж.Б. ИСТОРИЯ РЕПРЕССИИ ПОЛЯКОВ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	65
Джумагалиев Д.А., Арынова З.К. ВОСПРИЯТИЕ И ОЦЕНКА ОТЕЧЕСТВЕННЫМИ ИСТОРИКАМИ НАИБОЛЕЕ ЗНАЧИМЫХ В КАЗАХСТАНЕ ИСТОРИЧЕСКИХ ЛИЧНОСТЕЙ (ПО РЕЗУЛЬТАТАМ СОЦИОЛОГИЧЕСКИХ ОПРОСОВ).....	77
Жамбулатов К.А. ПОГРЕБАЛЬНЫЙ ОБРЯД ПОЗДНЕСАРМАТСКОЙ КУЛЬТУРЫ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА.....	91
Жусип Сұлтан-Хан, Козыбаева М.М. АЛИХАН БУКЕЙХАН, АХМЕТ БАЙТУРСЫНУЛЫ И ФЕНОМЕН ГАЗЕТЫ «ҚАЗАҚ».....	101
Закарья Р. РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ ПО ОТНОШЕНИЮ К ЕВРОПЕЙСКИМ ЭМИГРАМТАМ.....	112
Ибраева А.Г., Темирханова А.С., Садыков Т.С. АКАДЕМИК МАНАШ КОЗЫБАЕВ И ГЕНЕЗИСНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ ЭТНОСА.....	125
Исаев М.С., Шаметов С.Т., Джаппарова Р.Т. ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ ПРОТИВ МЕЧЕТЕЙ В КАЗАХСТАНЕ (1918-1953 гг.).....	134
Кумеков Б.Е., Ташкараева Ә.М. УСТНАЯ ИСТОРИЧЕСКАЯ ТРАДИЦИЯ В ПРОИЗВЕДЕНИИ «ШЕЖИРЕ-И-ТАРАКИМЕ»: ВОПРОСЫ ИСТОЧНИКОВЕДЧЕСКОГО АНАЛИЗА И ИНТЕРПРЕТАЦИИ.....	146
Крупко И.В., Бурханов Б.Б. ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЕ НАРРАТИВЫ ПОСТКОЛОНИАЛЬНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА.....	158

Курманов З.К. ОБ ОТЦАХ – ОСНОВАТЕЛЯХ КЫРГЫЗСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ.....	168
Курманалина Н.Н., Мухатова О.Х., Куанбай О.Б. КЕНЕСАРЫ КАСЫМОВ В ДОРЕВОЛЮЦИОННОЙ ИСТОРИОГРАФИИ.....	177
Куанбай О.Б. АРХИВНЫЕ МАТЕРИАЛЫ О КАЗАХСКИХ БАТЫРАХ (XVIII – ПЕРВАЯ ПОЛОВИНА XIX в.).....	187
Козыбаева М.М. ГОЛОД 1921-1922 ГОДОВ В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ: НЕИЗУЧЕННЫЕ СТРАНИЦЫ.....	201
Раздыков С.З., Досымбетов Н.А. ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ ИРРИГАЦИОННОЙ СИСТЕМЫ КАЗАХОВ СЫРДАРЬИНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	209
Сабденова Г.Е., Байгунаков Д.С. НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПРОТИВОСТОЯНИЯ ЕСИМ ХАНА И ТУРСУН ХАНА (ПО МАТЕРИАЛАМ ШЕЖИРЕ И УСТНОЙ ИСТОРИИ).....	221
Хайдаров Е.Е. НАРОДНЫЕ ВОССТАНИЯ В ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ (1928-1932 гг.) (На основе материалов Джанибекского, Чингирлауского районов).....	234
Рецензия Сын-пікір Review	
К.Н. Балтабаева РЕЦЕНЗИЯ НА КНИГУ: НӘБИЖАН МҰҚАМЕТХАНҰЛЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕНОМЕН: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БӨЛІНУІ МЕН ТҮТАСТАНУ ҮДЕРІСІ.....	249

CONTENTS

Abdulina A.T. LANGUAGES AND CULTURES OF REPRESENTATIVES OF THE MAIN ETHNIC GROUPS OF KAZAKHSTAN THROUGH THE PRISM OF THE KAZAKH MODEL OF INTERETHNIC CONSENT.....	4
Adilbaeva A.S., Dzhakipova T.U. MAIN DEPARTMENTS OF ETHNODEMOGRAPHIC PROCESSES IN EASTERN KAZAKHSTAN REGION FOR 20-30 YEARS OF THE XX CENTURY.....	18
Akymbek Y.Sh., Mukhtarova G.R., Zheleznyakov B.A. ABOUT TWO STAGES OF THE HISTORY OF BUDDHISM IN THE SOUTHEASTERN KAZAKHSTAN OF THE PRE-MONGOL PERIOD.....	32
Aldazhumanov K.S., Kypshakbayev K.Z. MOBILIZATION OF HUMAN AND MATERIAL RESOURCES OF KAZAKHSTAN FOR THE DEFENSE OF THE USSR.....	48
Beknazarov R.A., Kushkarova G.K., Baktygali Zh.B. THE HISTORY OF REPRESSION OF POLES OF AKTOBE REGION.....	65
Jumagaliyev D.A., Arynova Z.K. PERCEPTION AND ASSESSMENT BY KAZAKH HISTORIANS OF THE MOST SIGNIFICANT HISTORICAL PERSONS IN KAZAKHSTAN (BY THE RESULTS OF SOCIOLOGICAL SURVEYS).....	77
Zhambulatov K. FUNERAL RITE OF THE LATE SARMATIAN CULTURE OF WESTERN KAZAKHSTAN.....	91
Zhussip Sultan-Khan, Kozybayeva M.M. ALIKHAN BUKEYKHAN, AKHMET BAITURSYNULY AND THE PHENOMENON OF THE NEWSPAPER «KAZAKH».....	101
Zakarya R. THE REPRESSIVE POLICY OF THE SOVIET GOVERNMENT TOWARDS EUROPEAN EMIGRANTS.....	112
Ibraeva A.G., Temirkhanova A.S., Sadykov T.S. ACADEMICIAN MANASH KOZYBAYEV AND THE GENESIS PROBLEMS OF THE HISTORY OF THE ETHNOS.....	125
Issayev M.S., Shametov S.T., Dzhapparova R.T. THE POLICY OF THE SOVIET AUTHORITY AGAINST MOSQUES IN KAZAKHSTAN (1918-1953).....	134
Kumekov B., Tashkarayeva A. ORAL HISTORICAL TRADITION IN THE WORK "SHEZHIRE-I-TARAKIM": ISSUES OF SOURCE ANALYSIS AND INTERPRETATION.....	146
Krupko I.V., Burkhanov B.B. HISTORIOGRAPHICAL NARRATIVES POSTCOLONIAL STUDIES HISTORICAL MEMORY OF THE KAZAKH SOCIETY.....	158

Kurmanalina N., Muhatova O., Kuanbay O. KENESARY KASSYMOV IN PRE-REVOLUTIONARY HISTORIOGRAPHY.....	168
Kurmanov Z. ABOUT THE FOUNDING FATHERS OF THE KYRGYZ STATEHOOD.....	177
Kuanbay O. ARCHIVAL MATERIALS ABOUT KAZAKH BATYRS (XVIII - FIRST HALF OF XIX CENTURIES).....	187
Kozybayeva M.M. THE FAMINE OF 1921-1922 IN NORTH KAZAKHSTAN: UNSTUDIED PAGES.....	201
Razdykov S.Z., Dossymbetov N.A. THE HISTORY OF STUDYING THE IRRIGATION SYSTEM OF SYRDARYAN KAZAKHS.....	209
Sabdenova G.E., Baigunakov D.S. SOME ISSUES OF THE CONFRONTATION BETWEEN YESSIM KHAN AND TURSUN KHAN (BASED ON THE MATERIALS OF SHEZHIRE AND ORAL HISTORY).....	221
Khaidarov E. PEOPLE'S UPRISINGS IN THE WESTERN KAZAKHSTAN REGION (1928-1932) (Based on the materials of Dzhanibek, Chingirlau districts).....	234
Review Сын-пікір Рецензия	
K.N. Baltabayeva REVIEW OF THE BOOK: NABIZHAN MUKAMETKHANULY. INTERNATIONAL PHENOMENON: THE PROCESS OF SEPARATION AND UNIFICATION OF THE KAZAKH PEOPLE.....	249

Редакцияның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы
Алматы қ., Шевченко көш., 28,
ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«**edu.e-history.kz**» журналының редакциясы
Телефон: +7 (727) 261-67-19
E-mail: edu.history@bk.ru
Электрондық мекен-жайы: www.edu.e-history.kz

Журнал 2013 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркеліп, № 14602-ИА куәлігіне ие болды.